

Г.У. Ахметшина\*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: guldena\_82@mail.ru)*

## **Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің тәуелсіз Қазақстан тарихының дереккөзі ретіндегі маңызы мен ерекшеліктері**

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік тарихын зерттеп, зерделегенде зерттеушілердің көптеген деректерге сүйенетіні белгілі. Соның ішінде, әсіресе, тәуелсіздік тарихының басы-қасында болып, өз қолымен тарихымызды жасап, жаңғыртқан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерін түпнұсқалық дереккөзінде пайдалану өте маңызды. Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің басым бөлігі XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басындағы объективті қоғамдық құбылыс — КСРО-ның ыдырап, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінен мол мағлұмат береді. Елбасы еңбектерінің тәуелсіздік тарихының дереккөзі ретіндегі маңызы мен ерекшеліктері, тәуелсіз Қазақстан тарихының дереккөздерін жасаушы субъект — Н.Ә. Назарбаевтың қоғамдағы орны мен тұлғалық қасиеттеріне тығыз байланысты.

*Кілт сөздер:* Қазақстан Республикасы, Н.Ә. Назарбаев, тәуелсіздік тарихы, деректер.

### *Kipicne*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына қосқан үлесі өте зор. Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеп, зерделегенде міндетті түрде Елбасы еңбектеріне тоқталмай кете алмаймыз. Н.Ә. Назарбаев еңбектері деректану ғылымы тұрғысынан қарағанда, жазба дереккөздерінің жеке адамдық тобына жатады. Мұндай деректерді зерттегенде, міндетті түрде субъективті фактордың көп кездесуін айрықша назарда ұстаған жөн. Бұл деректерді зерттегенде осы субъект туралы, жан-жақты объективті тұрғыдан ақпарат беріп кеткен жөн.

Әрине, Елбасы туралы аз жазылып, аз айтылған жоқ. Оның өмірбаяны мен атқарған қызметінің негізгі кезеңдері көпшілікке мәлім. Елбасы еңбектері ең алдымен, тәуелсіздік қарсаңындағы және тәуелсіздік жылдарындағы атқарған лауазымды қызметтерімен тығыз байланысты. Н.Ә. Назарбаевтың өткен ғасырдың аяғында орын алған КСРО-ның күйреуі мен жаңа тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы сияқты аласапыран оқиғалардың бел ортасында жүріп, осынау тарихи сәттерді өз көзімен көріп, келелі шешім қабылдауды мойнына жүктеген бірден бір тарихи тұлға екеніне күмән жоқ.

Ол туралы Елбасының өзі «Әділеттің ақ жолы» атты кітабында былай деп жазған: «Өзімнің қызмет жағдайыма орай осы жылдардың барлығында да, әрдайым оқиғалардың қалың ортасында жүріп, оларды талдауға және салыстыруға, қорытындылар жасауға, шешімдер қабылдауға тура келгендіктен де, өзімнің жеке пікірімді айтуға барып отырмын» [1].

Олай болса, Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің тәуелсіз Қазақстан тарихының дереккөзі ретіндегі басты құндылығы, басқа да дереккөздерден негізгі ерекшелігі, сол жылдардағы қоғамдық құбылыстар мен түбегейлі өзгерістердің, «қалың ортасында жүріп», ел тағдырын, ұлт тағдырын шешкен «шешімдер қабылдаған» тұлғаның жазғандығында болып табылады. Әрине, Елбасынан басқа да талай қоғам қайраткерлері, сол оқиғалардың тірі куәгерлері өз естеліктерін жазды, тарихи деректерді дүниеге әкелді. Мұның барлығы да тәуелсіз Қазақстанның дереккөзін құрайды, тәуелсіздік тарихын зерттеп, зерделегенде басшылыққа алынады. Дегенмен де, осы деректердің ішінде Елбасы еңбектерінің тарихымыздың түбегейлі өзгерістер кезеңінен ақпарат беретін орны бөлек дереккөздер екені айдан анық.

\*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: guldena\_82@mail.ru (Г.У. Ахметшина)

*Мәселенің қысқаша тарихы*

Еліміз тәуелсіздікке ие болған алмағайып заманда, республика басшылығында Н.Ә. Назарбаев сынды тұлғаның тұруы, бір жағынан тағдырдың жазуы болғанмен, екінші жағынан белгілі бір заңдылықтың бар екендігін байқауға болады. Елбасының бойындағы туа біткен табиғи таланты, ұйымдастырушылық қабілеті, белсенділік қасиеті оны жастайынан топ алдында жүруге итермеледі. Бұл туралы Н.Ә. Назарбаев: «Егер өзім туралы айтар болсам, мен ешқашан қандай да бір басшылық қызметтерге айрықша құмартқан жан емеспін. Бірақ, бала кезімнен «орташа» болып қалуды ұнатпайтынмын, өз қадірімді өзім сезерліктей әлдебір ішкі сезімнің әсерінде болдым. Мәселен, мектепте әрқашан оқуда бірінші болуға талпындым. Мұндай сезім өзін құрметтейтін кез келген адамға тән деп ойлаймын. Ал, егер адам өзін сыйлаудан қалса, онда одан өмірде айтарлықтай дәйекті ешнәрсе шықпайды. Маған ұдайы басшылық ету бұйырғандай-ақ, әрдайым әйтеуір бір органдарға сайланумен болдым: жоғары кластарда мектеп оқушылар комитетінің мүшесі болдым, әрдайым мектеп, аудан комсомол активінің қатарында жүрдім» [2, 69].

Елбасы еңбектерінің тәуелсіз Қазақстан тарихының дереккөзі ретіндегі маңызы мен ерекшелігін айқындайтын басты факторларының бірі — оның қандай қызмет атқармасын, қандай жоғары лауазымға ие болмасын, барлық уақытта қалыптасқан жағдайды объективті түрде анықтап алып барып, шешім қабылдауында. Қай уақытта болмасын тек шындықты айтуы оған талай жауапты сәттерде, талай күрделі кезеңде дұрыс жол таба білуге көмектесті.

Н.Ә. Назарбаевтың XX ғасырдың соңғы онжылдығында КСРО сияқты алып держава басшыларының арасында үлкен беделге ие болуы оның өз сөзі мен ісіне асқан жауапкершілікпен қарауында жатыр. Бұл туралы Н.Ә. Назарбаев: «Иә, бір кезде мен болашақтағы өз тағдырымды қара металлургиясыз елестете алмаушы едім. Бірақ, өмір өзінше өктемдік жүргізді. Қазір мен үлкен саяси жолдан өтіп үлгердім. Сөйтіп, саяси жұмыс маған өзімді өзімнің көрсетуіме, өзімнің бойымдағы әлдебір жаңа мүмкіндіктерді ашуыма септігін тигізді. Бірақ, нағыз қанағаттанғандық сезімі тіпті де қазір республика мен бүкіл елімізде болып жатқан құбылыстарға ықпал етуге мүмкіндігімнің бар екендігінен келмейді. Саяси және мемлекеттік қайраткердің еншісі ең алдымен оның иығына түскен орасан зор ауыр еңбек және бұған сеніңіз, жайбарақат өмір сүруге мұрша бермейтін ғаламат күшті жауапкершілік сезімі. Бұл жерде моральдық қанағаттанғандық сезіміне бөленетін бір-ақ нәрсе бар, ол өз халқының мұң-мұқтажы мен талап-тілегін түсінетінін, оны айта алатынында, адамдар тарапынан қолдау таба алатынында сезіну ғана. Әлбетте, бұл ретте ешқашан да масаттанып, мәз болудың қажеті жоқ, өзіңді өзің асыра бағалаудың неге апарып соқтыратынын біздің бәріміз де жақсы білеміз. Ал, еңбегіңнің еш кетпегенін сезінгенде, өткен жолдардың қиындығына өкінбеу керек» деген [2, 100].

*Талқылау*

Елбасы еңбектерінің деректік маңызын айқындайтын тағы бір факторлар тобын оның жеке адами және тұлғалық қасиеттері құрайды. М. Жолдасбеков, Қ. Салғараұлы, А. Сейдімбектер «Елбасы қандай болу керек?» деген сұраққа:

– Ұлты қазақ, ұлттық дәстүрдің уызына жарыған, халқының бар қадыр-қасиетін бойына жинаған, тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жетік білетін, ұлтын жан-тәнімен сүйетін, оның мәртебесін өсіретін, ұлтжанды, дені таза, ары аппақ, жұртшылықты алақанына салып аялайтын, сенімін, үмітін ақтай алатын, ел тағдырына жауап бере алатын Азаматы, кек сақтамайтын, өштеспейтін, бар қазақты бауыр тұтып, басынан сипай алатын мейірімді Жанашыры, қар жауса күрек, жел тұрса тірек бола алатын халықтың қамқоршы Қызметшісі, ағаны ағадай, ініні інідей сыйлайтын, әдептен аттамайтын, ешкімді бөліп жармайтын халқының мұңдасы, Тағдырласы, қорыққанда қорған, тарыққанда пана, зарыққанда сана бола білетін, ел таныған, көпшілік мойындаған, мінезге бай, антқа адал, сертке берік, пейілі кең, байлыққа құнықпайтын қазақ халқының шын Перзенті болу керек;

– Ел басына күн туса ауыздықпен су ішетін, етікпен су кешетін, туған жерін, Отанын қызғыштай қорғайтын, көзінің қарашығындай сақтайтын, іске алымды, көзге шалымды, бүгінгісін оза ойлайтын, ертеңін дұрыс болжайтын көреген Көсем болуы керек;

– Адамзат тарихын, дін тарихын, қоғамның, мемлекеттің даму заңдылықтарын, әлемдік үдерісті жетік білетін, оны жүзеге асыра алатын Іскер, Қазақстанның байлығын төгіп-шашпай, халықтың

игілігіне айналдыра алатын, Қазақстанды озық елдердің қатарына қоса алатын, Нардың жүгін көтере алатын Қайраткер болуы керек;

– Халықаралық қауымдастыққа кеңінен танылған, өркениетті елдердің басшыларымен терезесі тең, сөйлескенде сөзі асатын, егескенде еңсесі басатын, кездескенде мейірімін шашатын, аузы уәлі, сөзі дуалы Саясаткер болуы керек;

Мұндай Ердің айтқаны ем, ісі берекелі, елі ынтымақты болады, жұртшылық заманына сай туған осындай ерге ғана сеніп, соңынан ереді», – деп жауап берген [3, 14].

Бұл өлшемдердің барлығы Елбасының бойынан табылды және оның жазған еңбектерінің шынайылық, толықтық деңгейлерінің жоғары болуына әсер етті. Ең алдымен, Н.Ә. Назарбаев халықтың қалың ортасынан шыққан қарапайым көпшіліктің өкілі болғандықтан, өз халқының тұрмыс-тіршілігін, болмысын, тілі мен дінін, салт-дәстүрін ана сүтімен бойына сіңірген, еңбекке ерте араласып, соғыстан кейінгі ауыл тауқыметін көзімен көріп өскен жан. Өзінің жастық шақтағы қалыптасу кезеңі туралы «Әділеттің ақ жолы» кітабы мен 1997 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Халықтан жасыратын ештеңе жоқ» деген сұхбатында жан-жақты айтқан. Бұл еңбектер Елбасының жастық шағынан мәлімет беретін түпнұсқалық дереккөздері болып табылады.

«Иә, біреулер айтатын шығар, мен аспаннан салбырап жерге түсіп қалды деп. Президент болғаныммен бүйрегім жерге бұрып тұратыны рас. Мен көрген тіршілік әлі өзгере қойған жоқ. Сондықтан да өмірді көріп өскенімді жасыра алмаймын. Сиырды да бұзаулаттық, биені құлындауды да көрдік. Менімен бірге өскендердің балалығы мен жастығы екі қолдың күшімен өткен жоқ па? Мысалы, сиыр бағамыз, оған он жасымнан шөп шаптым. Сиыр қораны тазалау керек, суару керек, жылқы бағу тағы бар» деп жазылған «Әділеттің ақ жолы» кітабында [2, 10]. «Ол кезде менің бір ғана нәрсеге ықыласым қатты ауды, тезірек еңбекке араласып, табыс тауып, үй ішіне түскен ауыртпалықты аз да болса жеңілдетсем дейтінмін. Өйткені, балалардың үлкені мен едім» деп еске алып, өзінің жастайынан қандай жұмыстар атқарғандығын айта келе, сабақты қалай оқығандығы туралы да әңгімелейді: «Үйге беретін тапсырманы орындайтын уақыт тек түн мезгілі ғана. Өйткені атқаратын шаруа шаш етекпен: малға шөп салу, қорадағы малдың астын тазалау, су әкелу, огородтың арамшөбін отау жұмыстары тіпті таусылмайды. Оның есесіне алтындай қымбат уақытты бағалауға үйрендім, сабаққа дайындалуға, өзім қатты құмартып алған кітап оқуға да уақыт табатын болдым» [2, 21]. Осы естелік жолдарынан байқағанымыздай, Елбасы ұлттық, халықтық негізден нәр алып, сусындап өскен.

Елбасы саясатының тағы бір маңызды бөлігі Қазақстан сынды көпұлтты мемлекетте өмір сүретін әртүрлі ұлттардың арасындағы достық қарым-қатынас пен ауызбіршілікті сақтауға бағытталды. Н.Ә. Назарбаев жастайынан өзге ұлт өкілдерімен қоян-қолтық араласып, бірге жұмыс істегендіктен, өз саясатында ұлттар достығына ерекше көңіл бөледі.

Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігі тарихының дереккөзі ретіндегі маңызы мен басты ерекшелігі, оның тәуелсіздік жылдарында атқарған ресми қызметтерімен тікелей байланысты. Елбасы еңбектеріндегі деректер тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігін қалыптастыру тарихының аса бір күрделі кезеңі туралы құнды мәліметтер жеткізетіні айдан анық.

Осы мақаланы жазу барысында Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында», «Сындарлы он жыл», «Тәуелсіздік белестері», «Бейбітшілік кіндігі», «Жылдар мен ойлар» атты еңбектерін қарастырдық. «Тарих толқыны» кітабында Елбасы ұлттық келбет жайлы, Қазақ даласының ұлы түркі елінің қара шаңырағы екені туралы, мәдениет келешегі, Алаш мұрасы және қазіргі заман, тоталитарлық тәртіп пен ұлттық ұғымдар, Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттері, тарих тағылымы, тарих шеңберлері, ұлттық зерде туралы мәселелерге тоқталған. Әсіресе, қазақ халқының ұлттық санасы туралы сөз қозғай келе «Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі — оның тарихшылдығы. Қара халықтың тарихтан хабардарлығы мейлінше жоғары болған. Керек десеңіз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзін бұрынғы қазақтардың санасындағы жаппай тарихшылдықпен салыстыруға болмайды.

Тарихи білімнің мұндай жүйесі қатардағы көшпелілер үшін тарихи-мәдени оқиғалардың ағыны ретінде бала кезінен сана-сезіміне сіңіп отырған. Қазақ даласының дүйім жұртында кең құлашты тарихи сахна болған, себебі бұл даладағы әрбір жұмыр басты пенденің жады бала кезінен ауызша айтылатын қисапсыз мол дерекке әбден жаттығып, көзі қанық болып өскен. Халық тарихын түсініп-білу әрбір адамның өз басындағы сезім-түйсікпен астасып отырған» — деп саралаған [4, 31].

«Сындарлы он жыл» еңбегінде Елбасы діни экстремизм, терроризм, қауіпсіздік жолдары туралы өз пайымдауларын жеткізген.

«Тәуелсіздік белестері» кітабында Елбасының әр жылдарда жиындарда сөйлеген маңызды баяндамалары берілген. Атап айтсақ, «Қазақстан-2030»: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауы. 1997 жылғы 10 қазан; Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауы. 1994 жылғы 14 желтоқсан; Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде. 1993 жылғы 12 мамыр; Береке басы бірлік. XVIII ғасырдың аса ірі мемлекет қайраткерлері Төле биді, Қазыбек биді және Әйтеке биді еске алуға арналған Ордабасыда өткен салтанатты жиында сөйлеген сөзі. 1993 жылғы 28 мамыр; Еуразия мемлекеттері одағын құру туралы. Жоба. 1994 жылғы маусым; Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын. Қазақстан халықтары Ассамблеясының бірінші сессиясындағы баяндама. 1995 жылғы 24 наурыз; Қазақстан тәуелсіздігі: тарих тағылымдары және қазіргі заман. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 5 жылдығына арналған салтанатты жиналыстағы баяндама. 1996 жылғы 16 желтоқсан; Ұлттық келісім — Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізінде. Қазақстан халықтары Ассамблеясының бірінші сессиясындағы баяндама. 1999 жылғы 21 қаңтар; Біріккен Ұлттар Ұйымының мыңжылдық саммитіндегі сөзі. Нью-Йорк, 2000 жылғы 6 қыркүйек; XXI ғасыр: ядролық қарудан тазарған дүниені қалайды. Халықаралық конференцияны ашардағы сөз. 2001 жылғы 29 тамыз; Жүз жылға татитын он жыл. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің онжылдығына арналған салтанатты жиналыстағы сөзі. 2001 жылғы 16 желтоқсан; Түркістан қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының Екінші құрылтайындағы сөзі. 2002 жылғы 23 қазан; ЕҚЫҰ-ның Трансазиялық өлшемі: қауіпсіздіктің үзілмес буыны. ЕҚЫҰ-ның Парламенттік Ассамблеясының бірінші форумындағы сөзі. 2003 жылғы 7 маусым; Дінаралық үнқатысу жаһандық өзара түсіністікке бастайды. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезіндегі Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі. 23–24 қыркүйек 2003 жыл» [5, 204].

Тәуелсіздіктің алғашқы бесжылдығында Қазақстан елінің жеткен жетістіктері туралы Елбасы «Он сегізінші ғасырдың жасыны жарқылдаған қазақ сахарасында Абылай армандап өткен, мұң-шерге толы он тоғызыншы ғасырда Кенесарыны мерт еткен, жаппай қырып-жоюдың қарсаңында Ә. Бөкейханов межелеп кеткен асыл мұраттар өлген жоқ. Ол арман-аңсардың барлығы да «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи күнде — 1991 жылғы желтоқсанның 16-сында жүзеге асты.

Осы бес жылда біз толыққанды тәуелсіз мемлекеттің барлық нышандарына ие болып үлгердік. Азаматтық институтының маңызын ескере отырып, тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейін төрт күн өткен соң, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заң қабылдадық. Бір ғана 1992 жылдың өзінде мемлекеттің төл күш-құрылымдары — әскери күштер, республикалық Ұлан, ішкі және шекара әскерлері құрылды. 1993 жылдың сәуір айынан бастап біз ұлттық тарихымызда тұңғыш рет төл Әскери теңіз күштерімізді құруға кірістік. Сөйтіп, жас мемлекеттің қорғаныс және қауіпсіздік жүйесін құру ісі аяқталды. Елдің жаңа мемлекеттік рәміздері қабылданып, төл наградаларымыз тағайындалды.

Бұл істің соңғы нүктесі 1993 жылғы қарашаның 11-де Қазақстанның өзінің ұлттық валютасы — теңге енгізілген күні қойылды» [6, 15].

Тәуелсіздігіміздің басты символы ел астанасын жер жаннаты Жетісудағы Алматы қаласынан, Сарыарқаның сайын даласындағы Ақмолаға көшіру де Елбасының ерен еңбегінің арқасы.

Н.Ә. Назарбаев 2005 жылы 28–29 қыркүйекте Астанада өткен дүниежүзі қазақтарының III құрылтайында сөйлеген сөзінде: «Мемлекеттің мемлекеттілігі оның өз тағдырына қатысты ең маңызды мәселелерді өз бетінше шеше алуынан танылуға тиіс. Еуразия жеріне, қазақ жерінің кіндігіне Ақордасын тіккен Астана — Қазақ елінің өз қалауымен жасаған дербес тандауы. Біз оны осы байтақ даланың шын иесі кім екендігін алыстың да, жақынның да есіне салу үшін жасадық. Бұл арқылы біз қазақтың осы бір құйкалы өңіріндегі ұлттық дәстүрді, тілді, өнерді, әдетті, әдепті шайылудан, жойылудан сақтап қалу үшін жасадық. Біз оны болашақ ұрпақ үшін, еркін еліміз үшін жасадық» — деді.

Бүгінгі күні әсем астанамыз Нұр-Сұлтан — бар қазақтың Бас қаласы, ерлік пен елдіктің символына айналды. Ел астанасы Нұр-Сұлтанның тарихы — тәуелсіз Қазақстан тарихының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Елбасы еңбектері тәуелсіз Қазақстан тарихының маңызды дереккөзі болып табылса, тура солай жас астанамыздың тарихын зерттеп, зерделеуде де маңызды дереккөзі болатыны сөзсіз. Тәуелсіздік тарихының алғашқы жылдарын мына бір ажырамас үш ұғыммен түсіндіруге болады: «Тәуелсіздік — Н.Ә. Назарбаев — Астана».

Астана тарихының негізгі дереккөзі Н.Ә. Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» деген еңбегі екені айдан анық. Бұл еңбектің қалай жарық көргендігі туралы Н.Ә. Назарбаев кітаптың тұсаукесерінде сөйлеген сөзінде: «Қай кітап болмасын, адамның көңіл күнделігі мен рухани толғаныстарының тоғысуы арқылы өмірге келеді. Менің бұл кітабым да соңғы он-он екі жыл ішінде қағазға түскен түрлі жазбаларым мен жекелеген күнделіктерімнің жемісі. Уақыттың сан алуан кезеңінде, түрлі сапарларымда, тіпті шет мемлекеттерде жүргенімде елімізді қалай көркейтемін деген ойдың нәтижесінде жазылған бұл жазбаларым мен естеліктерім әрдайым жас та жасампаз Астанамызға арналып отырады. Осы жазбаларымды топтастыра келе мен тәуелсіз еліміз бен жаңа астанамыз жайлы, оның толайым тарихы туралы бір кітаптық дүниенің жинақталғанын бағамдадым. Көшу тарихы өздеріңізге белгілі. Шешім қабылдау оңай болған жоқ. Тіпті күмәнданушылар да аз болмады. Сөйтіп, бұл кітапқа Астананың жаңа өміріндегі талай тарихи сәттер енгізілді», — деп кітаптың пайда болуына қатысты маңызды ақпараттарды айтып өткен.

Елбасы «Еуразия жүрегінде»: «Қазақстандық астананы көшірудің үлгісі өзінің жылнамалық бастауын 1985 жылғы оқиғалардан алады десем, сірә да, жаңылыса қоймасын. Нақ сол жылы Михаил Горбачев мәңгі мызғымастай көрінген Кеңес Одағының тағдырына шешуші ықпал еткен бағдарламаны өзі бастап қолға алғаны белгілі... Мен ол кезде Қазақ КСР Үкіметінің төрағасы едім және Горбачевтің маған айрықша іш тарта қарайтынын, әрі менің ішкі толғаныстарымды түсінетінін сезуші едім» деп, астананы ауыстыру идеясының қоғамда бастау алған түбегейлі өзгерістермен туындағанын айтқан [6, 25].

Әрине, ел астанасын жер жаннаты Жетісуда орналасқан әсем қала Алматыдан Сарыарқаның баурайына көшіру үлкен тәуекелді қажет етеді, кез келген адамның қолынан келе бермейтін іс. Осыған байланысты жазушы Қуандық Түменбай «Тәуекел — ердің жолдасы» деп атап, ел тәуелсіздігінің 10-жылдығына арнап жазған мақаласында: «Президенттің айрықша бір қасиеті бар. Ол — тәуекелшілдігі. Тәуекел — ердің ісі. Тәуекел жасауға ердің ері ғана бара алады. Алматыдан ресми орталықты Астанаға көшіру — нағыз тәуекелшіл ердің ісі дер едім», — деп жазды.

Ел тәуелсіздігін алып, қоғам түбегейлі бетбұрыстарға бағыт алғанда, жаңадан тың шешімдер қабылдауды қажет етті. Бұл орайда, Н.Ә. Назарбаев былай дейді: «Барлық салада бәрін де түгелімен, түбегейлі өзгерістер қажет деген айқын сезім мені барған сайын билеп алды. Қалыптасқан жағдайдан, тірелген тұйықтан шығудың амалын іздеп шарқ ұрдым. Бәрін еңсере отырып қана, елді алға жылжытуға, сөйтіп өткеннің кесел жарасын жазуға болатынын ұқтым... Адамдарды серпілтіп, турасын айтқанда, бастың миын «желдетіп алуларына» әдеттен тыс төтенше шешім керек болды. Сөйтіп, астананы көшіру қажеттігі туралы ойға бірте-бірте бекіне бердім. Осындай алмағайып уақытта астананың өмірлік маңызы бар рөлі ешкімнің басына кіріп-шықпағанын білемін» [6, 28].

Астананы Алматыдан Ақмолаға көшіруді және жаңа астананы салуды тікелей басқарған адам ретінде Н.Ә. Назарбаев өз еңбегінде осы мәселеге қатысты көптеген түпнұсқалық деректер келтірген. Астана тарихын зерттеушілер үшін Елбасы еңбектері таптырмас қазыналық дереккөзі екені сөзсіз.

Тәуелсіз Қазақстанның аумақтық қауіпсіздігі және ынтымақтастық идеялары туралы іс-әрекетін Елбасы асқан ыждаһаттылықпен жүргізіп, өз еңбектерінде баяндайды. Н.Ә. Назарбаев еңбектері Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі тарихымен қатар, мемлекеттік тәуелсіздігінің сыртқы атрибуттары тарихының да маңызды дереккөзі болып табылады. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы маңызды қадамдар Елбасының «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан–Ресей қатынастары», «Сындарлы он жыл» еңбектерінде талқыланды.

#### *Қорытынды*

Қорыта айтсақ, Н.Ә. Назарбаев еңбектері тәуелсіздік тарихының маңызды дереккөзі болып табылады. Себебі: ел тәуелсіздігінің туын өз қолымен көтеріп, әрқашан жаңашылдыққа ұмтылған игі бастамаларымен ел мәртебесін көтеріп, үлкен үлес қосқан Тұңғыш Президентіміздің еңбектері сол оқиғаларды көзбен көргендіктен, бірден-бір түпнұсқалық дерек болып табылады.

Тәуелсіздік тарихын зерттеп жүрген кез келген ізденуші үшін Н.Ә. Назарбаев еңбектері басты дереккөз болары даусыз. Сондықтан да, біз зерттеу қорытындысында мынадай ұсыныс беруді жөн көрдік:

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерін тәуелсіз Қазақстан тарихына зерттеу жүргізгенде әрбір салаға байланысты жеке топтастырылған библиографиялық тізімдемесін жасау.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві. Қ. 170. Т. 1. І. 69.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Әділеттің ақ жолы / Н.Ә. Назарбаев. — Алматы: Қазақстан, 1991. — 288 б.
- 3 Салғараұлы Қ. Елдік негіздері / Қ. Салғараұлы. — Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2007. — 77 б.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында / Н.Ә. Назарбаев. — Алматы, Атамұра, 1999. — 296 б.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері / Н.Ә. Назарбаев. — Алматы: Атамұра, 2003. — 335 б.
- 6 Назарбаев Н.Ә. Еуразия жүрегінде / Н.Ә. Назарбаев. — Алматы: Атамұра, 2005. — 192 б.

Г.У. Ахметшина

### **Значение и особенности работы Н.А. Назарбаева как источник истории независимого Казахстана**

Известно, что при изучении истории независимости Республики Казахстан исследователи опираются на различные данные. В частности, важно использовать в качестве первоисточника труды Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева, который имел непосредственное отношение к началу истории независимой Республики Казахстан и своими руками создал, точнее, возродил нашу историю. Большинство работ Н.А. Назарбаева содержат массу информации об объективном социальном феномене конца XX–начала XXI веков: распада СССР и образования независимого Казахстана. Важное значение имеют и особенности творчества Первого Президента, которое тесно взаимосвязано с ролью и личностью Н.А. Назарбаева, то есть субъекта, создававшего истоки истории независимого Казахстана.

*Ключевые слова:* Республика Казахстан, Н.А. Назарбаев, история независимости, источники, социальный объективный феномен.

G.U. Akhmetshina

### **Significance of the work of N.A. Nazarbayev as a source of history of independent Kazakhstan**

It is known that when studying the history of independence of the Republic of Kazakhstan, researchers rely on different data. In particular, it is important to use as a primary source the works of the First President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev, who had directly participated in the beginning of the history of the independent Republic of Kazakhstan and with his own hands revived our history. Most of the work of N.A. Nazarbayev contains a mass of information about the objective social phenomenon of the end of the XX-beginning of the XXI century: the collapse of the USSR and the formation of independent Kazakhstan. Of importance are value and specificity of the work of the First President as a source of independence, closely related to the role and personality of N.A. Nazarbayev, the subject who created the source of the history of independent Kazakhstan.

*Keywords:* Republic of Kazakhstan, N.A. Nazarbayev, history of independence, sources.

## References

- 1 Qazaqstan Respublikasynyn Ul'ttyk arkhiv [National Archives of the Republic of Kazakhstan]. Q. 170. T. 1. I. 69. — F. 170. I. 1. C. 69 [in Kazakh].
- 2 Nazarbayev, N.A. (1991). Adiletin aq zholy [The white way of justice]. Almaty: Qazaqstan [in Kazakh].
- 3 Salgarayly, Q. (2007). Eldik negizderi [Country basics]. Astana: L.N. Gumilev atyndagy Eurasia ulttyq universiteti [in Kazakh].
- 4 Nazarbayev, N.A. (1999). Tarikh tolqynynda [In the flow of history]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 5 Nazarbayev, N.A. (2003). Tauelsizdik belesteri [Aspects of independence]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 6 Nazarbayev, N.A. (2005). Euraziia zhureginde [In the heart of Eurasia]. Almaty: Atamura [in Kazakh].